

«Сабақ барысында қалыптастырушы тапсырмалардың тиімді жолдары»

(жас мамандарға тәлімгерлік тәжірибе алмасу семинары)

Тәлімгерлер: педагог-зерттеуші Бағдаулетқызы Меруерт,

Абрарова Альфинур Юрьевна

Ұйымдастырушы:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Бердакова Л.К.

Мұғалім тәлімгерлер:	Бағдаулетқызы Меруерт Абрарова Альфинур Юрьевна	
Тақырыбы:	Сабақ барысында қалыптастырушы тапсырмаларды тиімді жүргізу жолдары	
Мақсаты:	ҚБ тапсырмаларын дұрыс құрастыру Сабақта тиімді жүргізу Кері байланысты дұрыс беру	
Материалдар:	Слайд, бейнежазба, стикерлер, таратпа қағаздар.	
Оқытудың әдіс-тәсілдері	- Жаттығу: "Психологиялық ахуал" туғызу. -Ашық сұрақтар - Топқа бөлу - "Іс-әрекет тапсырмалары" -Рефлексия. Кері байланыс	
Сабақ барысындағы іс-әрекет		
Уақыты	Коучтың іс-әрекеті	Мұғалімнің іс-әрекеті
3 мин	Тақырыппен,мақсатымен таныстыру"Психологиялық ахуал" туғызу.	Психологиялық ахуал
3 мин	Қалыптастырушы бағалау не үшін керек?	Жас мамандар өз ойларын айтады
3 мин	Қалыптастырушы бағалауды қалай жүргізу керек? Алгоритм: 1. Тапсырманы нақты беру 2. Критерийді алдын ала көрсету 3. Оқушы орындайды 4. Дескриптор арқылы тексеру 5. Ауызша/жазбаша кері байланыс	Алгоритмді ретімен орналастырады
20 мин	<p>Тақырып: Етістік шақтары</p> <p>Мақсаты: Етістіктерді тауып, шақтарын ажырату және сөйлемде қолдану дағдыларын дамыту</p> <p>ТАПСЫРМА 1 (ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС)</p> <p>Негізгі тапсырма: Сөйлемдерден етістіктерді тауып, шақтарын анықта “Мен кеше кітап оқыдым. Қазір сабақ оқып отырмын. Ертең досыммен кездесемін.” Мен кеше кино көрдім. Қазір үй тапсырмасын орындап отырмын. Ертең мектепке барамын. Мен кеше достарыммен кездестім. Қазір музыка тыңдап отырмын. Ертең спортпен айналысамын. Мен кеше сурет салдым. Қазір кітап оқып отырмын. Ертең мұғаліммен сөйлесемін. Мен кеше интернеттен ақпарат іздедім. Қазір сабаққа дайындалып отырмын. Ертең тест тапсырамын.</p> <p>КРИТЕРИЙ: Етістікті дұрыс анықтайды Шақ түрлерін ажыратады Сөйлемде қолданады</p> <p>ДЕСКРИПТОР:</p>	Жас мамандар берілген тапсырманы орындай отырып, қалыптастырушы тапсырмаларды қолдануды түсінеді және тәлімгерлер маңыздылығын түсіндіреді

	<p>3 етістікті табады- 2б шақтарын дұрыс атайды- 2б 1 сөйлем құрайды -1б</p> <p>ҚАЛАЙ КЕРІ БАЙЛАНЫС БЕРУ КЕРЕК:</p> <p>✗ “Дұрыс емес” ✓“Етістікті дұрыс таптың, бірақ шақты шатастырдың” “Өткен шақты анықтауда сұрақты қолдан”</p> <p>ТАПСЫРМА 2 (жеке жұмыс)</p> <p>Негізгі тапсырма: Берілген сөйлемдердегі етістіктердің шақтарын анықтаңыз және әр сөйлемді басқа шаққа өзгертіңіз. Сөйлемдер: 1. Мен кітап оқып отырмын. 2. Ол кеше кино көрді. 3. Біз ертең саяхатқа барамыз.</p> <p>Бағалау критерийі: Етістік шақтарын дұрыс анықтайды Сөйлемдерді басқа шаққа дұрыс түрлендіреді</p> <p>Дескрипторлар: -сөйлемдегі етістікті табады -етістіктің шақ түрін (өткен, осы, келер шақ) дұрыс анықтайды - сөйлемді берілген шақтан басқа шаққа дұрыс өзгертеді - грамматикалық қателерсіз жазады</p>	
3 мин	<p>. РЕФЛЕКСИЯ “Бір сөйлеммен”: Бүгін мен білдім... Маған қиын болды... Мен қолданамын...</p>	
3 мин	Қорытынды	<p>✓ Тапсырма ≠ бағалау ✓ Критерийсіз тапсырма — тиімсіз ✓ Кері байланыссыз бағалау — пайдасыз</p>

